

№5 педагогикалық кеңестің хаттамасы күн тәртібі

Күні: 20.04. 2024ж.

Тақырыбы *Өткен оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелігі*

Қатысушылар :

Балабақша меңгерушісі : *Ирзабекова Д.О.*

Тәрбиешілер саны : 4адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 8

Мақсаты: *МДМ-де барлық іс-әрекеттер нәтижесін және әр педагогтың жыл бойы жасаған жұмысын қорытындылау, тәрбие-білім беру жұмысының бірнеше түрлерін көрсете алуы, оның нәтижесі. № 4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.*

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

Балабақша меңгерушісі: Ирзабекова Д.О.

2. Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп, тәлімгерлер жұмысының есебі.

Әдіскер, барлық педагогтер

3. 2023-2024 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (мониторинг нәтижелері)

Әдіскер: Ирзабекова Д.О.

4. «Менің педагогикалық жаңалығым»

Музыка жетекшісі: Ислам Бауыржан

5. «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық-танымдық қабілеттерін дамыту» шеберлік сағаты.

Тәрбиеші: Сайтгалиева Н.

6. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту

Әдіскер: Ирзабекова Д.О..

7. Әр түрлі мәселелер

Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.

2023-2024 оқу жылының №4 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі *Ирзабекова Д.О.* сөз алды. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, өте жақсы деген баға берді.

аудандық семинар өте жоғары деңгейде өткенін және барлық келген педагогтер өте жоғары бағалап кеткенін мақтанышпен айта кетті. Барлық топтардың дамытушы орталықтар бөлінгенін және әр топ өз жасына лайықты екенін де атап педагогтерге алғысын білдірді.

Екінші мәселе бойынша педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп, тәлімгерлер жұмысының есебі бойынша әр педагог есебін тапсырды. Әр педагог өз қорытынды есебі ішінен өзіне ең ұнаған, мақтаныш сыйлаған абзацтарын оқып берді. Тәлімгерлер жұмысына да оң баға берілді.

Үшінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (мониторинг нәтижелері) нәтижелерін балабақша әдіскері Ирзабекова Д.О айтып өтті. Келесі оқу жылында коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған іс-шараларды көбейтетінін ескерте кетті. Барлық білім дағдыларының ішінде коммуникативтік дағдылардың көрсеткіші ойландырарлықтай болып тұрғанын айта кетті.

Төртінші мәселе бойынша «Менің педагогикалық жаңалығым» тақырыбында Ислам Бауыржан. шеберлік сағатын өткізді. Төрт түлік малдың сүйектерінен муызкалық аспаптарды қалай дайындағанын көрсетті. Малдың әр түрлі сүйектерінен үрмелә және ұрмалы аспаптардан оркестр құрып көрсетті. Педагогикалық жаңалығын ары қарай шыңдай беретінін айта өтті.

Бесінші мәселе бойынша Н.Сайтгалиева «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық- танымдық қабілеттерін дамыту» тақырыбында іс- тәжірибесімен бөлісті. Әртүрлі топтармен ойнауға болатын ойын түрімен таныстырды. Педагогтер сұрақтарына жауап беріп, ойын ережесін жан-жақты түсіндірді. Әріптестері тарапынан оң бағаланды.

Алтыншы мәселе бойынша әдіскер Ирзабекова Д жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту бойынша баяндама жасады. Жаңа нұсқаулықпен таныстырып, жаз мезгілінде жұмыс жасайтын тәрбиешілерге бірнеше нұсқаулар берілді. Сабақ кестелері таратылып, циклограмма үлгісі берілді.

Әр түрлі мәселелер бойынша меңгеруші *Ирзабекова Д.О.* топтардың ішкі жөндеу жұмыстарына әр педагог жауапты екенін айтты. Жаз мезгіліне ақылы демалысқа шығатын педагогт ер кестесімен таныстырып өтті. Жазғы сауықтыру маусымында жұмыс жасауға қалатын педагогтерді топтарға бөлді. Еңбек демалысына шығатын әріптестеріне жақсы демалыс тіледі.

Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

№5 педагогикалық кеңестің шешімі:


1. Оқу жылының барлық құжаттары тігілсін, тапсырылсын.
2. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары толықтай жаңартылсын.

3. Шығармашылық ізденіс жандансын, жаңа оқу жылына жаңа көзқараспен келсін.
4. Еңбек демалысына педагогтар кестеге сай жіберілсін.
5. Жазғы сауықтыру маусымында жұмыс жасайтын педагогтер жауапкершілікпен жұмыстарын атқарсын, бала қауіпсіздіне баса назар аударылсын.

Төрайымы
Хатшы



Д.Ирзабекова
Н.Сайтғалиева

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  Ирзабекова Д.



«Менің педагогикалық жаңалығым»

Музыка пәні мұғалімі: Ислам Бауыржан

2023-2024жж

Менің педагогикалық жаңалығымның негізгі бағыты – **музыканы баланың күнделікті өмірімен байланыстыра отырып, ойын, қимыл, шығармашылық және цифрлық көрнекіліктер арқылы меңгерту.**

Педагогикалық жаңалығымның мақсаты

Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру, әр баланың шығармашылық қабілетін ашу және музыкалық іс-әрекетке белсенді қатысуына жағдай жасау.

Міндеттері:

- музыканы тыңдау және ажырату қабілетін дамыту;
- ырғақты сезіну және қимылды музыкаға сәйкес орындауға үйрету;
- ән айту дағдыларын жетілдіру;
- музыкалық аспаптарға қызығушылығын арттыру;
- баланың шығармашылық қиялын дамыту;
- әр баланың жеке қабілетін ескеріп жұмыс жүргізу.

«Музыка + ойын» әдісі

Балабақша жасындағы бала үшін ойын – ең тиімді әрекет. Сондықтан музыкалық оқу қызметінде ойын элементтерін жиі қолданамын.

Мысалы, **«Музыканы тап»** ойынында балалар әртүрлі музыкалық үзінділерді тыңдап, оның көңілді немесе баяу екенін ажыратады.

«Ырғақты қайтала» ойынында педагог белгілі бір ырғақты қол шапалақтау, сылдырмақ немесе басқа да қарапайым аспап арқылы көрсетеді. Балалар сол ырғақты қайталайды.

«Музыкалық көңіл күй» ойынында балалар музыка сипатына қарай қуанышты, сабырлы немесе қимылды қозғалыстарды таңдайды.

Бұл ойындар баланың музыканы тек тыңдап қана қоймай, оны сезінуіне және өз әрекеті арқылы көрсетуіне мүмкіндік береді.

Музыка арқылы шығармашылықты дамыту

Менің тәжірибемде балаға музыканы дайын түрде қабылдатумен қатар, өз шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беру маңызды.

Мысалы, балаларға музыканы тыңдатып:

**«Бұл музыка қандай көңіл күй сыйлады?»,
«Осы әуенге қандай қимыл ойлап табар едің?»,
«Музыкаға қандай сурет сәйкес келеді?»**

деген сұрақтар қоямын.

Балалар өз ойларын қимылмен, сөзбен немесе сурет арқылы жеткізе алады. Осы арқылы олардың қиялы мен шығармашылық қабілеті дамиды.

Музыка мен қимылды біріктіру

Музыкалық іс-әрекетте қимылдың маңызы зор. Музыкаға сәйкес жүру, секіру, айналу, қол қимылдарын жасау баланың есту және қозғалыс үйлесімділігін дамытады.

«Музыка тоқтаса – тоқта», «Музыка қалай өзгерді?», «Жануарлар қимылын көрсет» сияқты ойындар балалардың зейінін арттырып, музыкалық шығарманы мұқият тыңдауына көмектеседі.

Заманауи технологияларды пайдалану

Музыкалық сабақтарда қысқа бейнематериалдар, интерактивті тапсырмалар, музыкалық суреттер мен аудиожазбаларды орынды пайдалануға болады.

Мысалы, балаларға музыкалық аспаптардың суретін көрсетіп, оның дыбысын тыңдату арқылы аспапты анықтау тапсырмасын беремін. Бұл балалардың есте сақтауын, есту қабілетін және танымдық қызығушылығын дамытады.

Цифрлық құралдар негізгі мақсат емес, музыкалық іс-әрекетті қызықты әрі түсінікті етуге көмектесетін қосымша құрал ретінде пайдаланылады.

Педагогикалық жаңалығымның нәтижесі

Осы әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдану барысында балалардың музыкаға деген қызығушылығы артып, музыкалық іс-әрекетке белсенді қатысуға ұмтылысы байқалады.

Балалар:

- музыканы мұқият тыңдауға;
- әуеннің көңіл күйін ажыратуға;
- ырғақты қайталауға;
- әнді еркін орындауға;
- музыкаға сәйкес қимыл жасауға;
- қарапайым аспаптарды қолдануға;
- өз шығармашылық идеясын көрсетуге үйренеді.

Ең маңызды нәтиже – әр баланың өзін музыка арқылы еркін көрсетуіне жағдай жасалады.

Қорытынды

Менің педагогикалық жаңалығымның негізгі ерекшелігі – **«Музыка тыңдау – сезіну – қимылдау – ойнау – шығармашылықпен көрсету»** қағидасын ұстану.

Музыка баланың жүрегіне жол табатын ерекше өнер. Сондықтан музыка сабағында баланың тек дұрыс ән айтуына немесе қимылды орындауына ғана емес, оның қуанышпен қатысуына, өз ойын еркін білдіруіне және шығармашылық қабілетін көрсетуіне мүмкіндік беру маңызды.

Педагогикалық ұстанымым:

«Әр балада музыкалық қабілет бар. Педагогтің міндеті – сол қабілетті байқап, дамытуға мүмкіндік беру».

Музыка арқылы бала **тыңдайды, сезінеді, ойлайды, қимылдайды және шығармашылықпен дамиды.**